

## Газды қайтару жөніндегі мәміленің бағасын белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 378 қаулысы

"Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 10-тармағының 3) тармақшасына, сондай-ақ 2001 жылғы 28 қарашадағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы газ саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге, 2006 жылғы 3 қазандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Орынбор газ өңдеу зауытының базасында шаруашылық қоғам құрудағы ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының ішкі нарығын газбен жабдықтау үшін 2018 жылғы желтоқсанда жеткізілген Ресей газының көлемін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасы/Ресей Федерациясының шекарасы, "Александров Гай" газ өлшеу станциясы ДАР шарттарында 98 210 824 текше метр көлемінде қарсы жеткізуді қамтамасыз ету жолымен Қарашығанақ кен орнының өңделген газын 2019 жылы экспортқа өткізу кезінде "ГазРосГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен "Газпром" жария акционерлік қоғамы уәкілеттік берген ұйым – "GAZPROM Schweiz AG" арасында жасалатын мәміле бойынша газдың бағасы 1000 текше метрі үшін 3 932 Ресей рублі мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*